

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Университет Нархоз, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: g.kanaieva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ДАМУЫ

Адам потенциалының халықаралық рейтингілеріндегі Қазақстанның негізгі көрсеткіші – адамдардың әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік қамсыздандырылуы және осы потенциал мен мәдениетті құратын адамдардың молшылық деңгейі. Бұл ұғым өнермен байланыстырылып тар мағынасында да, кең мағынасында да, соның ішінде материалдық және саяси мәдениетте ғана емес, рухани мәдениетте қолданылады. Бұл жерде Шарль де Голльдің: «Мәдениет – Францияның мұнайы» деген сөзін айта кеткен жөн. Бүгінде біз мұнайдың бағасы түсуі мүмкін екеніне тағы бір көз жеткіздік. Ал мәдениет бағасы мен мәртебесі жағынан өсуі керек. Әйтпесе елде мәдениет те, мұнай да қалмайды».

Адам капиталы пайда болуы және өзінің қоғамдық болмысын сақтауы барысында Фукуяманың мына ойын келтіруге болады: «адам капиталы дін, дәстүр, ғұрып сияқты мәдени механизмдер арқылы құрылады және беріледі». Маңыздысы, ол мәдениет жалпы иррационалды, яғни діни және адамгершіліктік жүйелер жанұя, достар арасында, мектепте қарапайым бейімделу кезінде әдет сияқты беріледі дейді. Мұндай пікірін ол Аристотельдің нақыл сөзімен бекітеді: «бірдей әрекеттерді орындау сәйкес адамгершіліктік әдеттерді құрады». Мұның үстіне мәдениеттің әдет ықпалында екенінің пайдасына ас ішу үшін шанышқы не қасықтың орнына, таяқшаларды пайдаланатын қытайлықтарды және индуистердің саны жағынан Үндістан халқының жартысына жететін және бағып-қағуға жұмсалатын шығындары ешқандай пайда әпермейтін сиырларға иррационалды табынушылығын мысалға келтіреді [1, 37 б.].

Оның адам капиталына қатысты концепциясының артықшылықтарына оның Коулменнің ізін басып, қоғамдық капиталды жеке адамның энкультурациясы (нақты мәдени ортаға ену) кезінде игеретін және олардың арқасында қоршаған адамдардың мінез-құлқын түсінетін және өзі де олар күтетіндей әрекет ететін этикалық дағдылары түріндегі адам капиталының ерекше түрі екенін дәлелдейтін айтқанын жатқызуға болады [2, 98 б.].

Бүгінде мәдениет және өнер мекемелерінің адам капиталының дамуындағы маңызы қандай екеніне күмән келтірілмеуі керек. Қоғамға әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну барысында олар қоғамды және жеке тұлғаны тудыра, қалыптастыра және

дамыта отырып, толыққанды интеллектуалды, эмоционалды, адамгершіліктік және рухани өмірмен қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Дәл осы себепті қазіргі қоғам мәдениет қызметтерінің маңызына назар аударуы керек, ал мәдениет және өнер мекемелері тұрғын халыққа көрсетілетін қызмет сапасына ықпал ететін факторларды анықтауы және нығайтуы қажет. *Мемлекет мәдениетінде осы аумақта тұратын халықтың құндылықтары жүйесі қаланған.* Мәдениет мемлекеттілік пен экономиканың негізі екенін айта кетсек, бұл тезис тіпті дәлелді қажет етпейді.

Бүгінде «мәдениет» терминін дүниетанымның қалыптасуы әдісі, яғни бүгін және ертең азаматтар қабылдайтын құндылықтарды, мақсаттарды және міндеттерді қалыптастырудың құралы ретінде түсіну өзекті болып табылады. Мәдениет әлемнің картинасын, шындық ретінде қабылданатын ортаның картинасын және оны оның даму жолы туралы түсінікті қалыптастыруға, осылайша адамдардың мәдени капиталын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түрлі анықтамаларды жалпылай келе мәдениетті адамның өзін көрсетуі және өзін тануының барлық формалары мен тәсілдерін қамтитын және жеке тұлғалар мен әлеуметтің түрлі дағдылар мен шеберліктерді жинауымен және жеке тұлғалардың қоғамның барлық негізгі құрылымдық элементтері мен функционалды байланыстарын көрсетуімен сипатталатын адам қызметінің тұрақты формаларының жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Мәдениет адамға оған тән әрекеттермен және сезімдермен белгілі бір жүріс-тұрысты белгілейтін кодтар жиыны болып табылады. Мәдениет адамға басқарушылық әсер етеді. Моральдік нормалар мен ережелерді шығаруға жауап бере отырып, ол адам шығарған және қоғам үшін қалаусыз (девиантты) жүріс-тұрыс формаларын басып-жаншуға бағытталған шектеулер мен тыйымдарды жүзеге асыратын жүйе ретінде қызмет етеді.

Мәдениет рухани және материалдық құндылықтарды, сондай-ақ, адам қызметінің интеллектуалды өнімдерін шығаруға және сақтауға жауап береді.

Мәдениетті жүзеге асыру мәдени потенциал сияқты түсінікпен тығыз байланысты. Потенциал латын тілінде *potentia* – күш дегенді білдіреді, терминді гуманитарлық ғылымдар физикадан алған және ауыспалы мағынасында қолданылады. Потенциал қандай да бір тапсырманы орындау үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін қандай да бір саладағы мүмкіндіктердің және құралдардың жиынтығы

болып табылады. Мәдени потенциал көбінесе әлеуметтік потенциалдың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылады [3, 48 б.].

Мәдени потенциалды, осылайша, бір жағынан табиғатта болатын және адам еңбегінің материалдық және рухани нәтижелері түрінде қоғаммен жинақталатын, екінші жағынан мәдени құндылықтар және мәдени мұра нысандары түрінде сақталатын мәдениет ресурстарының, құралдардың, көздердің, қорлардың және мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде анықтау қажет. Тар көзқараспен алғанда мәдени потенциал қаланың не аумақтың мәдени кеңістігін дамытуға септігін тигізетін объективті және субъективті мүмкіндіктердің не факторлардың жиынтығы. Объективті факторларға әлеуметтік-мәдени институттар жатады. Субъективті факторларға қалалықтардың әрекеттегі әлеуметтік-мәдени институттарға қатынасы, этно-мәдени байланыстар мен өзара қарым-қатынастардың сипаты жатады [3, 50 б.].

Жапония сыртқы әлемнен географиялық оқшау жатыр және ұзақ уақыт бойы жабық ел болып, сыртқы ықпалдан қорғауда болды, осының арқасында өзінің ежелгі дәстүрлерін және Дүниежүзілік мәдени мұра нысандары деп жарияланған көптеген мәдениет ескерткіштерін сақтап қалған. Қазір Жапония – жоғары технологиялар мен ежелгі мәдениетті қатар ұстанған айрықша ел [4, 17 б.].

Біздің еліміз де өзінің мәдени дамуында артта қалған емес. 2004 жыл Қазақстан Республикасының мәдени саясатының дамуында аса маңызды жыл болды. 13 қаңтарда ел Президенті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Оның мақсаты: «Рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасын сақталушылығымен және тиімді пайдаланылуымен қамтамасыз ету». Бағдарлама келесі бағыттарды қамтиды: 1) маңызды тарихи және архитектуралық ескерткіштерді қайта жаңғырту; 2) мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, фольклорды, дәстүрлерді және ғұрыптарды зерттеудің толық жүйелерін құру; 3) ұлттық мәдениеттің және жазбаның басын біріктіру, көркемөнер және ғылыми серияларды құру; 4) ең үздік әлемдік ғылыми ойдың, мәдениеттің және әдебиеттің негізінде мемлекеттік тілде гуманитарлық білімнің толық қорын құру. Қазақстанның мәдениеті шынымен айрықша, себебі мұнда елді мекендейтін барлық халықтардың көп ғасырлық рухани тәжірибесі бітісе қайнаған. Ол осы халықтардың ұлттық дәстүрлеріне және сол

сияқты әлемдік классика шедеврлеріне негізделген формалар мен жанрлардың алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Қазақстанның мәдени капиталын дамыту және бекіту үшін автордың ойынша мәдениет мекемелеріне деген қарым-қатынас мәдениет саласында басым рөлде болуы керек келесі бағыттарды ескере отырып, құрылуы керек:

- дәстүрлі мәдени институттар мен қазіргі заманғы коммуникациялық технологиялар саласының арасындағы байланысты дамыту – мәдениет саласын интегралды дамытудың басты міндеті;

- Қазақстан халықтарының мәдени дәстүрлерін, мәдени алуантүрлілікті сақтау;

- қоғамның шығармашылық потенциалын дамыту және көрсету үшін жағдайлар жасау;

- ел дамуында тактикалық және стратегиялық мақсаттарды кейінгі іске асыру үшін қоғамды біріктіретін оң құндылықтар жүйесін қалыптастыру, соның ішінде патриоттық кино түсіру үшін мемлекеттік тапсырыс жасау;

- мүмкіндіктердің теңдігімен және мәдениеттің жалпы қолжетімділігімен қамтамасыз ету;

- елдің экономикалық модернизациясы курсы рухани құндылықтар мен ұлттық мәдениеттер саласымен байланыстыру;

Жаһандық экономикалық дағдарыстан туындаған әлемдегі саяси тұрақсыздық елімізден өз мақсаттарын айқын нақтылауды, әлемдегі өз орнын дәл анықтауды, қазақстандық өркениетті сақтаудың кепілі ретінде өзіндік құндылықтар жүйесін, моральдік критерийлерді құруды талап етеді. Олар қоғамда мыңдаған жылдар бойы қалыптасады, халықтың сенімдеріне негізделі отырып, оның дәстүрлерінде және ғұрыптарында көрініс табады. Дәстүрлер, ғұрыптар және аңыздар қоғам моралін құрады. Біз өз дәстүрлерін жоғалта бастаған қоғам деградациясын бақылай аламыз. Керісінше, өзінің тарихи және мәдени түбірін білу адамның бойында өз елінің өткенін мақтан тұтушылықты, патриотизмді, жауапкершілік сезімін, мемлекет пен жанұя алдындағы міндетті тәрбиелейді.

Айқын мысалдардың бірі – қазіргі Жапония. Ол қазір ең дамыған елдердің бірі. 2-ші дүниежүзілік соғыстан кейін, америкалық ядролық бомбалаудан кейін Жапония қайта аяғына тұрмай, «үшінші әлем» елдерінің дамуы деңгейінде қалатындай көрінді. Кенет ел қауырт дамуы бастан кешірді. «Жапон ғажайыбы» және «жапондық даму моделі» туралы сөз қозғалды [5]. Ал мұндай қайта өркендеудің себебі ежелгі адамгершіліктік дәстүрлерді, мәдениетті

сақтауда жатыр. Жапондықтардың көпшілігі үшін дәстүрлі мәдениет өз алдына ұлттың өміршеңдігінің символына, оның әлемдік аренада нығаюының құралына айналды.

Дәл осылай біз қазақстандық қоғамға және мемлекетке өнегелік тіректі қайтаруымыз керек. Рухани және адамгершілік потенциалға мұндай тірек жасалмайынша, Қазақстан ешқандай өзінің мемлекеттік, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шеше алмайды.

Бұл ретте бізге орыс халқының өнегелік түпкі тамыры оның көп ғасырлық мәдениетінен бастау алатыны белгілі. Мәдениет біздің халқымыздың білімінің, идеалдарының, рухани тәжірибесінің жиынтығын көрсетеді. Біздің мыңдаған жылдық тарихымызда халық дәстүрлерінің негізінде руханилықты түсіну, ата-бабаны құрметтеу, ұжымдық өмір сезімі, әлемге, табиғатқа деген махаббатты түсіну қалыптасты. Кеңес кезінде патриотизмді, Отанға деген махаббатты тәрбиелеу де біздің өткенімізде болған тарихи мысалдар негізінде жүргізілді. Мысалы, Ұлы Отан соғысында біздің еліміздің мақтаныштары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және басқа көптеген батырлар өскелең ұрпаққа ғана емес, барлық жастағы адамдарға үлгі болды.

Мәдени даму туралы айтқан кезімізде жеке тұлғаның рухани-адамгершіліктік қалыптасуын, оның қоғамдық құндылықтарға сай тәрбиленуін айта кетуіміз керек. Себебі адам потенциалы тек оның физикалық күйі мен денсаулығы ғана емес, сонымен бірге оның рухани толықтығы.

Соңғы онжылдықта елдің қоғамдық-саяси өмірінде орын алып жатқан өзгерістер адамгершіліктік-рухани бағдарлардың, идеалдардың, қоғамдық сананың барлық формалары мазмұнының өзгеруіне әкелді.

Адамгершіліктік-рухани тәрбие-мәдени құндылықтардың, идеалдардың және өмір мәнін берудің және көрсетудің аса маңызды механизмі, оның формасы мен мазмұны тарих, тіл, философия, әдебиет, дәстүрлер, психология тудыратын «ұлттық-мәдени әлем» спецификасымен анықталады. Рухани-адамгершіліктік тәрбиелеу міндеттерін орындау толыққанды құбылыс әрі қоғамның рухани қауіпсіздігінің басты алғышарты ретінде қазақ мәдениетін сақтаудың аса маңызды шарты ретінде қарастырылады [6, 17-21 бб.].

Тәрбиелеу теориясында «мораль», «моральдік нормалар», «адамгершілік», «ішкі адамгершіліктік еркіндік және жауапкершілік», «адамгершіліктік таңдау еркіндігі» сияқ-

ты ұғымдар анықталмағандықтан, нақты құбылыстар: моральдік және адамгершіліктік тәрбие араласып кетті. Осымен балалық шақтың барлық кезеңдерінде адамгершіліктік тәрбиенің құралы ретінде сөзді абсолюттендіру, моральдік қатынастардың ұйымдасқан тәжірибесін, дағдылар мен әдеттерді, тәрбиелеушінің беделін дұрыс бағаламау түсіндіріледі, бұл тұлғаның адамгершілігі мол тұлғаның қалыптасуындағы төмен бағалаушылыққа, стихиялыққа және ретсіздікке әкеледі.

Қазіргі жағдайларда тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту мәселелерін шешудің, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастырудың, жеке тұлғаны дамытуға жағдайлар жасау арқылы интеллекті байытудың жаңа әдістері қажет. Қазіргі жағдайларда рухани-адамгершіліктік тәрбие өзінің мақсатына сай болып табылады. Рухани-адамгершіліктік тәрбие Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2030» жолдауында, «Білім туралы» заңда, Халықаралық конвенцияларда және келісімдерде және үкімет пен Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің басқа да нормативтік құжаттарында берілген концептуалды идеяларды дамытады. Сонымен бірге рухани-адамгершілік тәрбие адамгершіліктік-рухани ағартушылыққа бағытталған басқаша ережелер, принциптер, шығармашылық әдістер және әдістемелер берілген новаторлық бағыт бола отырып, аталған құжаттардың шегінен шығады. Рухани-адамгершіліктік тәрбие жалпы адамзаттық рухани құндылықтардың жоғары принциптері мен нормаларына және қазіргі заманғы этикалық стандарттарға сәйкес әлеуметтік ересек жаста өзін-өзі жеткілдіруге және өз орнын табуға дайын жан-жақты үйлесімді адамды қалыптастыруға, өзін тану түрткісін қалыптастыруға, физикалық және адамгершіліктік-рухани даму үйлесіміне қол жеткізуге, өзара түсіністік пен өзара келісімге қол жеткізуге, мейрімділік пен адам сүйгіштікті нығайтуға септігін тигізеді.

Модернизация сөзбе сөз аударылғанда «қазіргі заманға сәйкестендірілу» дегенді білдіреді. Яғни, ол – жаңарту, бір нәрсені қазіргі күн талаптарына сай ету [7, 98 б.]. Бұл ретте модернизацияны тек технологиялар буынының ауысуы (технологиялық алға шығу) ретінде түсіну тиімді емес, себебі технологиялық даму туралы мәселе технологияларды өндіру, ендіру және қолдануға қабілетті ортақ ортаның болуы мәселесіне келіп тіреледі. Басқаша айтқанда,

табысты модернизация үшін сәйкес әлеуметтік-мәдени негіз қажет.

Сәйкесінше, модернизация үдерісі екі құрамдастан тұрады: техникалық және мәдени. Олардың біріншісі – техникалық инновациялар, яғни өндіріске ендірілген жаңа алдыңғы қатарлы технологиялар. Бұл жаңа қуат көздері, жаңа ұшу аппараттары, байланыс және ақпарат құралдары, нанотехнологиялар т.б. Екінші құрамдасы – мәдени және әлеуметтік модернизация. Ол мораль және адамгершілік саласын, қоғамның рухани өмірі саласын, оның құндылықтарын, ақырында адамдардың өмір сүру салтын қозғайды. Бұл құрамдастар өзара байланысты: жаңа технологиялар санада төңкеріс жасайды; екінші жағынан жаңа құндылықтар жүйесін ендіру, адамдар менталитетінің ауысуы техникалық инновацияларды, қоғамдағы техникалық модернизацияны тудырады. Тарихта кітаптардың қолжетімділігін әлденеше рет арттырған, осылайша ескі орта ғасырлық құндылықтар жүйесінің бұзылуын және сол кездегі еуропалық мемлекеттердің әлеуметтік және саяси құрылымында үлкен өзгерістер тудырған кітап басып шығару технологиясы айқын мысал бола алады [8].

Тарихи деректерді қарасаңыз, Батыстағы модернизация үдерісі үлкен тарихи кезеңді – XVI ғасырдың басынан бастап XX ғасырдың ортасына дейін жүргенін көруге болады. Ал «жетекші капиталистік» елдерде бұл одан да ұзақ жүрген: мысалы, Францияда – 1960 жылдардың ортасына дейін, Италияда кейде 1980 жылдарға дейін. Алайда 60-шы жылдардың соңында Батыстың дамыған елдері бұрынғы индустриалды даму моделінің шеңберінде шешуге келмейтін бірқатар мәселелерге тап болды. 1980-ші жылдарға қарай индустриалды модель дағдарысы мықтап орнықты. Дағдарыс қоғамның теориядағы және сол сияқты саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың және қозғалыстардың практикалық қызметіндегі мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздеуге ынталандырды. Нәтижесінде көптеген зерттеушілер мен саясаткерлер келесі қорытындыларға келді [8].

Біріншіден, модернизацияның сәттілігі не сәтсіздігі модернизацияның әр елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне қаншалықты сәйкес келетініне байланысты болады. Әр халық өзінің дәстүріне неғұрлым жауап беретін даму жолын таңдауы керек. Бірақ бұл мәдени оқшаулану деген сөз емес. Дәстүрлілік пен қазіргі заманның синтезі қажет. Екіншіден, дамыған елдер өз дамуының стратегиясын қайта қарастыруы ке-

рек. Қоғамның барлық қорлары – адамдық, материалдық, техникалық, қаржылық – ең алдымен адамның өзінің дамуына бағытталуы керек [8].

Осылайша, қазіргі түсініктегі модернизацияның жалғыз мүмкін болатын жолы – нақты елдің қазіргі жағдайы мен дәстүрлерінің жалпы әлемдік үрдістерін ұштастыру. Бұл ретте модернизация мақсаты негізгі құндылық және негізгі өндіргіш күш адам болып табылатын «білім қоғамы» деп те аталатын постиндустриалды қоғам құру болмақ.

Қазақстандық модернизация мәдени дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтау арқылы жүреді. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның мәдени болмысын сақтауға шешім қабылдауы «Мәдени мұра» бағдарламасында жүзеге асты. Егер жан басына шаққандағы есеп, адамның дамуы индексі және білім экономикасы индексі бойынша мемлекеттің мәдениетті қолдауы көлемін салыстырсақ, Норвегия, Швеция, Нидерланд және басқа да дамыған елдер бұл көрсеткіштер бойынша алдыңғы позицияларда екенін байқауға болады. Бұл осы елдердегі тұрғын халықтың өмір сапасы мен ауқаттылығы арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Қазақстанның ұлттық адам капиталына салынатын инвестициялардың тиімділігін қалай арттыруға болады? Ұлттық деңгейде тиімді адам капиталын құру үшін ішкі мәдениетті және адамның дүниетанымын құратын мәдени факторларға көбірек мән беру керек.

Қоғамда қалыптасқан ойлау типін өзгерту үшін мемлекет мүмкін болатын барлық құралдарды пайдалануы керек: бұқаралық ақпарат құралдары, веб-сайттар, жарнама, түрлі семинарлар мен конференциялар өткізу. Тек осындай жағдайда ғана қоғамда елдің экономикалық гүлденуіне септігін тигізетін жаңа ойлау типі пайда болады. Осылайша, инновациялық және жеделдетілген даму мақсатына қол жеткізу үшін білім беруге және денсаулық сақтауға бөлінетін инвестицияларға ғана емес, елдегі адам капиталының тиімділігін арттыратын құралдардың бірі ретінде мәдениет пен өнерге салынатын инвестицияларға назар аудару қажет.

Постиндустриалды («ақпараттық», «ғылыми», «постматериалдық») қоғамның құрылуы үрдісі әлемнің дамыған елдерінде 1970 жылдардан басталды. Бұл ретте постиндустриаландыру қоғамдық сананың өзгерісінен басталды. Қоғамдық құндылықтар былайша өзгере бастады: материалдық игіліктерге талпыныстардан өзін көрсетуге талпынысқа; табиғатқа үстемдік етуден табиғатпен үндестікке; еңбекті ақша табудың құралы ретінде қарастырудан еңбекті өзінің қабілеттерін жүзеге асырудың құралы ретінде қарастыруға болды [9, 47 б.].

Жаңа ғасырдан бастап әлемнің дамыған елдерінде адам капиталының рөлі айқын бекітіле бастады, мұнда әр өнімде және қызметте білім компонентінің болуы адам қызметінің өзіне тән сипатына айналады. Соңғы жылдары халықаралық ұйымдарда және академиялық топтарда білімді алу және қолдану қабілеті елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты факторына айналуға деген пікір бар. Дәл осы қабілет кедейлік пен гүлденудің арасындағы шекті неғұрлым күшті анықтайды. Сәйкесінше Қазақстан үшін интеллектуалды капиталдың дамуы кезеңіне өту және білімге негізделген экономиканы құру қазір басым рөлге ие болуда. Тек осы модернизация жолы қазіргі заманда тиімді әрі бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Біздің қоғам айтарлықтай жоғары білім беру потенциалына ие. Қазақстандық ғылым және білім көп ғасырлық дәстүрлер мен интеллектуалды мамандарға ие. Біздің міндетіміз – осы мұраны жоғалтпау, керісінше, оны интеллектуалды капиталдың қазіргі дамуына жетелей отырып, арттыру және ел игілігі үшін ақылмен пайдалану.

Бірақ, ең бастысы, біз бүгін біздің дәстүрлеріміз еліміздің интеллектуалды потенциалын құратын аса бай мәдениет, сондай-ақ, білімді қоғам екенін түсінуіміз керек. Қазақстан қарқынды даму үстінде және ұлттың интеллектуалды потенциалына назар аударуда. Осыған байланысты өскелең ұрпақтың сапалы білім алуы маңызды.

Әдебиеттер

- 1 Фукуяма Ф. Доверие: социальные добродетели и путь к процветанию. – М., 2006. – С. 26.
- 2 Кабанов Александр. Мировая история и социальный интеллект. – 2013. – 102 с.
- 3 Шайхлисламова Л.И. Культурный потенциал: определение, сущность, специфика. // Филология, искусствоведение и культурология: актуальные вопросы и тенденции развития: материалы международной заочной научно-практической конференции. – Новосибирск: «Сибак», 2013. – 176 с.

- 4 Караваяева И.П., Арзуманова Н.И. Проблемы безопасности туристского бизнеса в Японии // European Researcher. – 2012. – № 5. – С. 3.
- 5 Нравственное воспитание в современном мире // <http://xreferat.com/71/6608-1-nravstvennoe-vozpitanie-v-sovremennom-mire.html>
- 6 Запесоцкий А.С. Воспитание и образование // Высшее образование в России. – 2004. – № 2. – С. 111-116.
- 7 Попов Г.Х. Научные Труды Вольного экономического общества России / Информационно-аналитическое издание для членов Вольного экономического общества России. – М., 2010. – 125 с.
- 8 Модернизация России: развитие на основе традиций // Послание Президента Д.А. Медведева Федеральному Собранию РФ от 12.11. 2009 / Национальный институт развития современной идеологии РФ // <http://nirsi.ru/55>
- 9 Афанасьева Т.Ю. Постиндустриальное общество: понятия, тенденции, символы // Философские проблемы информационных технологий и киберпространства. – 2010. – № 1. – 215 с.

References

- 1 Fukujama F. Doverie: social'nye dobrodeteli i put' k procvetaniju. – М., 2006. – С. 26.
- 2 Kabanov Aleksandr. Mirovaja istorija i social'nyj intellekt. – 2013. – 102 s.
- 3 Shajhlislamova L.I. Kul'turnyj potencial: opredelenie, sushhnost', specifika. // Filologija, iskusstvovedenie i kul'turologija: aktual'nye voprosy i tendencii razvitija: materialy mezhdunarodnoj zaochnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. – Novosibirsk: «Sibak», 2013. – 176 s.
- 4 Karavaeva I.P., Arzumanova N.I. Problemy bezopasnosti turistskogo biznesa v Japonii // European Researcher. – 2012. – № 5. – С. 3.
- 5 Nравственное воспитание v sovremennom mire // <http://xreferat.com/71/6608-1-nravstvennoe-vozpitanie-v-sovremennom-mire.html>
- 6 Zapesockij A.S. Vospitanie i obrazovanie // Vyshee obrazovanie v Rossii. – 2004. – № 2. – С. 111-116.
- 7 Popov G.H. Nauchnye Trudy Vol'nogo jekonomicheskogo obshhestva Rossii / Informacionno-analiticheskoe izdanie dlja chlenov Vol'nogo jekonomicheskogo obshhestva Rossii. – М., 2010. – 125 s.
- 8 Modernizacija Rossii: razvitie na osnove tradicij // Poslanie Prezidenta D.A. Medvedeva Federal'nomu Sobraniju RF ot 12.11. 2009 / Nacional'nyj institut razvitija sovremennoj ideologii RF // <http://nirsi.ru/55>
- 9 Afanas'eva T.Ju. Postindustrial'noe obshhestvo: ponjatija, tendencija, simvolj // Filososfskie problemy informacionnyh tehnologij i kiberprostranstva. – 2010. – № 1. – 215 s.